



010000, Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: 55-66-31, 55-66-36, факс: 55-72-94

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилик, 11  
тел.: 55-66-31, 55-66-36 факс: 55-72-94

№  
16.02.2021 № 1 ге

## Тұрақты комиссияның 2021 жылғы 16 ақпандағы қаулысы

### Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Тексеру комиссиясының елордада әлеуметтік- экономикалық тұрақтылықты сақтауға бағытталған 2020 жылы дағдарысқа қарсы іс-шараларды іске асыру жөніндегі бақылау іс-шараларының нәтижелері туралы

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі - тұрақты комиссия) «Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Тексеру комиссиясының елордада әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты сақтауға бағытталған 2020 жылы дағдарысқа қарсы іс-шараларды іске асыру жөніндегі бақылау іс-шараларының нәтижелері туралы» ақпаратын тыңдап және талқылап, осы бағытта тиісті жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өтті.

Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес 2020 жылы жалпы қамту сомасы 575,3 млрд.теңге болатын 68 объектіде (26 – мемлекеттік мекемелер, 42 – квазимемлекеттік сектор субъектілері) 12 аудиторлық іс-шараның қорытындылары шығарылды.

Тұтастай алғанда тексерілген аудит объектілерінің қызметі олардың бюджеттік бағдарламаларында және құрылтай құжаттарында көрсетілген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді, сондай-ақ мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды, Нұр-Сұлтан қаласын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыруға бағытталған.

Бюджеттің кіріс бөлігінде 2020 жыл ішінде салықтық түсімдер бойынша бекітілген жоспардың төмендеуіне қарамастан (жыл басындағы салықтық түсімдер бойынша бекітілгені – 316,8 млрд.теңге, жыл соңындағы салықтық

түсімдер бойынша – 300,7 млрд. теңге, түскені – 332,5 млрд. теңге), бюджетке түсетін түсімдердің оң серпіні байқалады, жалпы 105,4% - ға орындалған.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау аясында Тексеру комиссиясы 2020 жылы Нұр-Сұлтан қаласы бойынша жергілікті атқарушы органдардың дағдарысқа қарсы бюджет қаражатын жұмсауына мониторинг және талдау жүргізді.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жергілікті атқарушы органдар «Нұр-Сұлтан қаласының Құрылыс басқармасы» ММ мердігерлердің орындалған жұмыстар актілерін уақтылы ұсынбауына байланысты дағдарысқа қарсы қаражат бойынша бюджетті 98,0% - ға орындады.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі дағдарысқа қарсы қаражатты жұмсау кезінде мынадай бағыттар бойынша іс-шараларды: «Жұмыспен қамту 2020 Жол картасы» бағдарламасын іске асыру 97,0%-ға; шағын және орта бизнес субъектілері үшін салық жүктемесінің 99,9% - ға төмендеуіне байланысты шығындарды өтеу; коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау 99,8%-ға; тұрғын үй құрылысының проблемалық объектілерін аяқтау 100%-ға%; Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві есебінен медициналық препараттар мен жеке қорғану құралдарын; қашықтан оқыту үшін компьютерлік техниканы сатып алу 100%-ға; қараңдандық үлгідегі медициналық модульдік кешенді салу 95%-ға; Нұр-Сұлтан қаласында 2 дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу 82,6%-ға; «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы шеңберінде іс-шараларды және басқа да іс-шараларды іске асыру – 100%-ға атқарды.

Жұмыспен қамтудың жол картасы аясында бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің деректері бойынша 2020 жылдың қорытындысы бойынша 105 жоба іске асырылды.

Сонымен қатар, отырыс барысында тұрақты комиссия елорда бюджетінің шығыс бөлігінде 2019 жылға қатысты бюджеттің орындалмауы байқалатынын атап өтті.

Бюджет қаражатының игерілмеуінің негізгі бөлігін «Нұр-Сұлтан қаласының Құрылыс басқармасы» ММ жіберген, оларда бюджеттің атқарылуы барысында тәуекелдер уақтылы анықталмаған және бюджет қаражатын игеру бойынша тиісті шаралар қабылданбаған.

«Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ бойынша 2020 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа да медициналық иммундық-биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алуға және сақтауға бөлінген бюджет қаражатының игерілмеген бөлігінде кемшіліктер бар.

Атқарушы органдардың бұзушылықтарға жол беруінің негізгі себептері қызметкерлердің өздеріне сеніп тапсырылған жұмыс учаскелерінде өздерінің функционалдық міндеттерін тиісінше орындамауы, қызметкерлердің көп жүктемесінің болуы, кадрлардың тұрақтамауы, басшы құрам тарапынан қызметкерлердің Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтауын тиісті бақылауды қамтамасыз етпеуі болып табылады. Мәселен,

бюджеттік өтінімдерді әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары, бюджет заңнамасының және Қазақстан Республикасының сәулет және қала құрылысы қызметі туралы заңнамасының талаптары сақталмайды.

Белгілі болғандай, бұзушылықтардың негізгі үлесіне бюджет қаражатын жоспарлау және пайдалану кезінде (мемлекеттік жоспарлау жүйесінің қағидаттарын сақтамау), бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік кезінде, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу саласында жол беріледі. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тарапынан ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметіне тиісті бақылау жоқ, бұл бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін пайдалану кезінде көптеген бұзушылықтарға әкеп соғады.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері жасыл екпелерді тиісті есепке алуды, түгендеуді, әрбір екпе ағаштар бойынша шығындарды калькуляциялауды жүргізу бойынша жүйелі бұзушылықтарға жол береді, соның салдарынан жергілікті бюджеттен қосымша қаражат жұмсалады.

Дамыған елдердің мемлекет бөлетін қаржыға типтік, бюджеттік балабақшалар, мектептер салатын тәжірибесін зерделеу қажет. Сонымен қатар, елордада мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында жеке әріптестің қатысуымен 1 млрд. теңгеден астам сомаға балабақша салу жоспарланған.

Осы жобаға бюджет қаражатын бөлу кезінде Нұр-Сұлтан қаласының бюджет комиссиясының жұмыс органы болып табылатын «Нұр-Сұлтан қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» ММ тиісті құжаттардың (қорытынды, жобалау-сметалық құжаттама) ұсынылуы бойынша қатаң бақылауды қамтамасыз етуге тиіс болатын.

Сондай-ақ, атқарушы органдардың уақытша және тұрақты жұмыс орындарын құру жөніндегі тиімсіз қызметіне қатысты мәселелер көтерілді, бұл Нұр-Сұлтан қаласын дамыту бағдарламасында көзделген мақсаттарға қол жеткізілмегенін айғақтайды.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. «Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Тексеру комиссиясының елордада әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты сақтауға бағытталған 2020 жылы дағдарысқа қарсы іс-шараларды іске асыру жөніндегі бақылау іс-шараларының нәтижелері туралы» ақпараты назарға алынсын.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ-ге:

жасыл екпелерді есепке алу жүйесін енгізу мәселесі бойынша Еуропа елдерінің тәжірибесін зерделеу және мүдделі атқарушы органдармен бірлесіп, топырақты талдау, сорттардың жерсінуді, түгендеу және т. б. жөніндегі іс-шараларды жүргізу жөніндегі бөлімдерді қоса отырып, астананы көгалдандыру бағдарламасының жобасын дайындауға ұсыным жасалсын;

жоғарыда көрсетілген іс-шараларды өткізуге бюджет қаражаты көзделсін.

3. «Нұр-Сұлтан қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» ММ-ге, «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» ММ-ге, «Нұр-Сұлтан қаласының Тексеру комиссиясы» ММ-ге:

мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде 1 млрд.теңгеден астам сомаға балабақша құрылысына қатысты анықтама-негіздемелер, сондай-ақ тиісті қорытындылар, жобалау-сметалық құжаттама және басқа да құжаттар ұсынылсын;

тиімділік индикаторларына қол жеткізу туралы жасалатын меморандумдар шеңберінде жауапты атқарушы органдардың Жұмыспен қамту жол картасы бойынша КРІ көрсеткіштерін енгізу жөніндегі мәселені қарау.

4. «Нұр-Сұлтан қаласының Тексеру комиссиясы» ММ-ге:

2021 жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне электр энергиясына тарифтерді тексеру бөлігінде «Астана-Энергия» АҚ қосуға;

бағдарламалар әкімшілері бөлінісінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджетті жоспарлау және бюджет қаражатын пайдалану кезінде (міндеттерді тиісінше орындамау, мамандардың болмауы және т. б.) бұзушылықтарға жол беруі үшін негіз болған себептерге талдау жасауға, атқарушы органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің астана бюджетінің атқарылуына мониторинг жүргізу мақсатында аудиторлық іс-шаралар жүргізуді жалғастыруға ұсыным жасалсын.

5. «Нұр-Сұлтан қаласының Құрылыс басқармасы» ММ-ге, «Нұр-Сұлтан қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» ММ-ге:

биологиялық және медициналық қалдықтарды кәдеге жарата отырып, Патологиялық-анатомиялық бюроның құрылысына бөлінген ақша қаражатының игерілмеуіне, оларды республикалық бюджетке қайтаруға, қаражат бөлуге бюджеттік өтінім беру барысында оның құрылысын жоспарлау кезінде тиісті қорытындылар мен басқа да құжаттардың болмауына қатысты ақпарат ұсынылсын.

6. «Нұр-Сұлтан қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» ММ-ге:

Бөгенбай батыр көшесі, 43 мекенжайы бойынша орналасқан, жоғары қауіптілік объектісі болып табылатын және адамдардың, әсіресе балалардың өмірі мен денсаулығына елеулі қатер төндіретін Политехникалық колледждің апатты деп танылған жатақханасын сүріп тастау бойынша қабылданып жатқан шараларға қатысты ақпарат беруге ұсыным жасалсын.

7. «Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы» ММ, «Нұр-Сұлтан қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» ММ:

жергілікті атқарушы органдардың дағдарысқа қарсы бюджет қаражатын жұмсауына бақылауды қамтамасыз етсін;

жергілікті атқарушы органдардың бюджет қаражатының тиімді жұмсалуды бақылауды қамтамасыз етсін.

8. «Нұр-Сұлтан қаласының Құрылыс басқармасы» ММ-ге:

бюджет қаражатының толық, тиімді игерілуін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауы;

мердігерлердің орындалған жұмыс актілерін уақтылы ұсынбауына байланысты жұмыстағы кемшіліктерді жою бойынша ұсыным жасалсын.

9. Нұр-Сұлтан қаласының бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне:

бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін жоспарлау және пайдалану кезінде қаржылық және атқарушылық тәртіпті арттыру;

бюджет шығыстарын жоспарлау кезінде заңнаманың, соның ішінде сатып алынатын тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) қажеттілігін және олардың санын растайтын құжаттар мен есеп-қисаптардың, жұмыстардың құнын растайтын қолданыстағы жобалау-сметалық құжаттаманың болуы бөлігінде қатаң сақталуын, сондай-ақ әлеуетті өнім берушілер бағаларының мониторингін, нарықты, сатып алынатын тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) талдауды қамтамасыз ету;


бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдалану кезінде көптеген бұзушылықтарға жол беретін ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметін жүзеге асыру бойынша тиісті бақылауды қамтамасыз ету;

қызметкерлердің өздеріне сеніп тапсырылған жұмыс учаскелерінде өз функционалдық міндеттерін тиісінше орындауын бақылауды қамтамасыз ету;

Тексеру комиссиясы берген тапсырмалар мен ұсынымдардың толық және сапалы орындалуын қамтамасыз ету бойынша ұсыным жасалсын.

10. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының  
бюджет, экономика, өнеркәсіп және  
кәсіпкерлік мәселелері бойынша  
тұрақты комиссиясының төрағасы**



**Н. Көпешев**